

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№24			
Күндері		Дені саудың - жаны сау / В здоровом теле здоровый дух / A healthy soul is healthy			
Өтпелі тақырыптың атауы		14.02 - 18.02.2022			
Мекеменің атауы, тобы		Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Байсакалова Ш.Ж.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Әңгімелесу: "2-3 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "2-3 жасар баланың физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?"				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сұқұйғышты ұстап, суару амалына үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қараңғы жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суаруға ынталандыру, суару барысын бақылау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Мөлдір су" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (орыс тілінен аударма) Мақсаты. Балаларды өзін-өзі күту, бет пен қолды жуу әдебіне үйрету; педагогтің соңынан көркем сөзді қайталап, жағымды әсерге бөленуге баулу. - Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тілін дамыту, қолдың таза болуын байқап жүруге үйрету, денсаулықты сақтау қағидаларын игеруге ынталандыру. Педагог суреттерді қолдана алады. - Әли жеңіске жетпек, Тәртіпті емес, тентек. Жуылмаған қолында, Ай-ай-ай, майлы шелпек.	Саусақ жаттығуы. Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай, сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқып, балаларды бірге қосылуға тартады. Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдық "тоқ-тақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук". Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Бүгін біз қаншамыз?" Мақсаты. Балаларды жаттығу сөздерін және саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту. Бүгін біз қаншамыз? (алақандарды ашып, көрсету) Санайық баршамыз. (саусақтарды жыбырлату) Санап-санап, саусақ басып, (саусақтарды кезегімен ішке қарай бұғу) Жинайық жұдырыққа қысып. (жұдырыққа қысу) Д. Ахметова
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. - Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.				
Ойындар,	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. - Балыққа ұқсап жүземіз, Марғауға ұқсап жүреміз, Құлыншақтай секіреміз, Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз.				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Доп". Мақсаты. Балаларды қағаз бетін бақылап, қылқаламды бояуға малып, қағаздың бір жақ шетінен қарама-қарсы жаққа қарай шеңбер бойымен қылқаламды қағаз бетінен үзбей жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізіп, домалақ доп салуға үйрету; допты қағаз ортасына үлкен дөңгелек етіп салуға дағдыландыру; доптың ортасына бірнеше түзу сызық салуға жаттықтыру; сызықтардың доп шеңберінен шығармау керек екенін ескерту; қылқалам ізін бақылап отыруға және сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға баулу; доптың қозғалу қасиеттері туралы түсінік беру. <i>"Допты домалат" қозғалыс жаттығу рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Шынықсақ – шымыр боламыз!" Мақсаты. Балаларды екі аяқпен қашыққа секіруге жаттықтыру; секіру кезінде жеңіл секіре білуге дағдыландыру; қос аяқпен секіргенде аяқтарын бірдей қозғауға машықтандыру. Балалардың екі аяқпен қашыққа секіру қимылын жете меңгеру қабілетін дамыту; секіру кезінде денесін жеңіл игере білу дағдыларын меңгерту; дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; оқу қызметі кезінде достық қарым-қатынас ережелерін сақтай білуге баулу. <i>"Пойыз" қимыл ойыны.</i>	Көркем әдебиет. "Жеті лақ" ертегісі. Мақсаты. Балаларды "Жеті лақ" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкердің сөздерін есте сақтау қабілетін дамыту; үй жануарлары мен жабайы аңдар тіршілігіндегі айырмашылықты байқай білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. <i>"Ойыншықтар" дүкені рефлексиясы.</i> Музыка. "Домалайды доп". Мақсаты. Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға үйрету; әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топтық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. <i>"Чу-чу паровоз" ойыны</i>	Құрастыру. "Қонаққа орындықтар". Мақсаты. Балаларды текше және кірпіштерден орындықтар құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде түсініктер бере отырып, оның қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге жаттықтыру; құрылыс жұмысының нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға дағдыландыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін бақылау мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен эмоциялық қабылдауын дамыту. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> <i>"Ойыншықтарды орындықтарға отырғызайық".</i> Дене шынықтыру. "Қос аяқпен секіреміз". Мақсаты. Балаларды қос аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру; қос аяқтап секіргенде аяқтарын бірдей қозғап, жеңіл секіре білу қабілеттерін, сылдырмақтармен жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; балалардың спортқа деген қызығушылықтарын ояту; қоян секілді секіріп, көдергілерден өтуге ынталандыру. <i>"Көдергілерден өтеміз" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Қуыршақ Дана және дәрігер". Мақсаты. Балаларды дәрігер қызметімен және дәрігер құралдарының адамды емдеудегі ерекшеліктерімен ойын арқылы таныстыру; дәрігер мамандығының ерекшелігі туралы түсінік беру; дәрігер маманын сыртқы бейне ерекшелігінен танып, ажырата білуге үйрету. <i>"Дәрумендер" шығармашылық рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Қоян қалай секіреді?" Мақсаты. Балаларды қос аяқпен секіру іскерліктерін бекіту; жануарлардың жүрісін көрсету қабілеттерін дамыту; оқу қызметін пысытау. <i>"Жануарлар жүрісін сал" қимылды ойыны.</i>	Музыка. "Доп, доп, домалақ". Мақсаты. Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға ынталандыру; есту қабілетін дамыту; әннің мағынасы мен сипатын қабылдап, эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. <i>"Доп, доп, домалақ" ойыны.</i>

Серуен	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қораз" қимылды жаттығуы. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар, мен қандай құсты көрсетемін? - Иә, бұл құс - қораз. Жарайсыңдар! - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар! - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.	Жүргіншілерді бақылау. Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аударту, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру. - Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар? Атаңдаршы? Балалар ағай, апай, бала деп атауы мүмкін. - Жарайсыңдар! - Ағайлар мен апайлар сияқты үлкен болу үшін, біз өсуіміз керек. - Мен өсемін, Бойым өседі. Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін. Жаттығу екі рет өткізіледі. Педагог балаларға адамдардың марш адымын көрсетуді ұсынады. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". Балалардың белгі бойынша жан-жаққа жүгіру және белгі бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп, ай, жараймыз! Д. Ахметова "Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы.	Ағаштарды бақылау. Балалардың қоршаған ағаштар жайындағы ұғымдарын бекіту; ағаштың діңгегін, бұтақтарын айтқызу; бұтақтары көп, діңгегі біреу болғанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. - Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, шайқалып. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Балалардың белгілі бағытта белгі бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адапсай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі реттерде қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады. "Өткеншек" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, өткеншек, Айнала бер бізбенен.	Аула тазалаушының еңбегін бақылау. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыруды жалғастыру; аулада қарды күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу. "Көше тазалаушы". - Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті. Шиқылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Қ. Мырзалиев. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Пойыз" қимылды ойыны. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруге үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. Педагог балаларды сапқа жинайды. Смартфонға пойыздың дыбысы жазылған аудионы тыңдатуға болады. - Балалар, естіп тұрсыңдар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады. - Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық. - Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады. "Көпірден өт" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік,	Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам аяқтарын кезек көтеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. - Кел, балақай, қатарға, Біз шығамыз сапарға. Сап түзеп, алға жүріп, Көңілді шапалақ соғып. - Алақай! Алақай! - Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық? Педагог сұрақ қойған сайын қимыл үлгісін көрсетіп жатады. - Жарайсыңдар: бірінші рет біз жүрдік, екінші рет біз секірдік. - Біз бір аяқпен секірдік пе? - Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар! - Олай болса, жүріп те секірейікші. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтереміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
--------	--	--	---	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-өрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Жуыну әні" атты мультфильмін көру. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру.	"Қоян қайда?" дамытушы ойыны. Балаларды қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне", "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын, белгілі сілтеу есімдіктерін айтып атау. - Балалар, бізде қонақта қоян. - Қоян бізбен ойнағысы келеді. - Ол жасырынса, тауып алу керек. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне", "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз. - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова Көркем сөзінен кейін, педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып жатып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады.	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" Балаларға сиырдың су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға сиырдың маскаларын кигізу, ойыншық ыдыстарды ұсыну. "Сиыр қалай ішеді?" - Қара мұның айласын, Байқап-байқап ішеді. Шаңырақ мүйіз дәу басын, Шайқап-шайқап ішеді. - Себебі не сондағы? - Сәл маңғаздау болғаны. С. Боранбаев	"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы. Балаларды ширма артына жасырылған заттарды, олардың көлеңкелеріне қарап, танып, атауға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін, тілін дамыту. Құралдар: балалар күнделікті ойнап жүретін және көлеңкесінен танылатын заттар мен ойыншықтар, көлеңке театрының ширмасы. Педагог заттарды ширманың артынан оған мейлінше жақындатып көрсетеді.	"Ешкінің әні" дамытушы ойыны. Балалардың "Жеті лақ" ертегісінің желісі жөніндегі түсініктерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға деген қызығушылықтарды ояту. Құралдар: "Жеті лақ" кейіпкерлерінің жеке кескіндері, ширма, үстел театрына қатысатын кейіпкерлерге тіреушелер. Педагог балаларға "Жеті лақ" ертегісі кейіпкерлерін көрсетеді. - Балалар, мына кейіпкерлерді таныдыңдар ма? Атайықшы. Жарайсыңдар. - Қазір барлығымыз Ешкінің өнін лақтарға қайта айтып берейікші. - Лақтарым менің, Шырақтарым менің, Сағындым лақтарымды, Тұяғымен қағам есікті. Ұзақ екен үйге жол, Жиналды сүт мол. Есікті аша қойыңдар, Тәтті сүтке тойыңдар. Орыс тілінен аударма.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, қолдарын созып, аяқтарын көтеріп, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешуге үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Мысығым" (ел аузынан). "Мысығым". Тікелейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Нағима Арынова.	Қимыл жаттығуы. "Мен өсемін". - Мен өсемін, Бойым өседі. Ойым өседі. Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін. Д. Ахметова	"Жармадан" қамыр илейік" дамытушы жаттығуы.	Қимылды жаттығу. "Пингвиндер ұқсап жүрейік". - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп, ай, жараймыз! Д. Ахметова	Ермексазdan кесектерді үзіп, жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту. "Сақиналар".
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "2-3 жасар баланың физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?"				

Тексерген: Бекишева.М.А. 